

Бекітемін

Мектеп директоры

Тельгузинова Н.К.

Консультациялық пунктің жұмыс уақыты

(айына 1 рет)

Апта күні	Жұмыс уақыты	Жауапты адам
Сейсенбі	09:00-14:00	Тәрбиешілер
Сәрсенбі	12:00-18:00	

## Құрметті ата-аналар!

*«Павлодар облысы білім басқармасының Ертіс ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Иса Байзақов атындағы жалпы орта білім беру мектебінің «Еркетай» шағын орталығының мектепке дейінгі мекемеге балалары келмейтін ата-аналарға арналған Консультациялық кеңес пункті ашылды. Егер сіздің балаңыз шағын орталыққа келмейді, бірақ сізде баланы тәрбиелеу мен оқытуға, баланы дамытуға, баланың денсаулығын нығайтуға қажетті сұрақтар туындаған жағдайда, сіз мектеп директорымен, тәрбиешімен, психологпен, медбикеден балабақшаның Консультациялық пунктінен кеңестер мен практикалық көмек алуыңызға болады.*

*Әкімшілік*

## АТА АНАҒА КЕҢЕС

### «Баланың шағын орталыққа бейімделуі»

Баланы шағын орталыққа беру немесе бермеу жағдайына жалпы жанұянының жайлылығы, барлық жанұя мүшелерінің эмоциялық күйі, ата-ананың өзін-өзі бағалуы және жанұяның маңызды мәселелері байланысты.

Мәселенің психологиялық болып жатқан өзгерістерге бейімделуі бұл балаға да ата-ана үшін де қиын. Соңғы жылдары қоғамда бала тәрбиесіне көзқарас өзгерді, бұл мектепке дейін мекемелерге бала өміріне қатысты қатынасына байланысына болды. Қазіргі уақытта барлық қоғам мүшесі балаларына өзара іс-әрекет формасымен әдіс-тәсілдерін өздері таңдайды. Сонымен қатар көпшілік ата-ананы бала үшін балабақша, шағын орталық қажет пе - деген сұрақ толғандырады. «Мектепке дейінгі тәрбиеленген бала мектепке тез бейімделеді, әлеуметтік қатынасқа жақсы түседі, құрдастарымен қарым қатынаста тәжірибе жинақтайды және мектепке келгенде осыған сүйінеді», - деген түсінік қалыптасқан. Сондақтан құрдасымен қатынастарымен қиындыққа ұшыраған. Балалары бар ата-аналар шағын орталыққа немесе балабақшаға барса, бұл қиындықтан шығады деп үміттенеді.

Бекітемін:

Мектеп директоры

Тельгузина Н.Д.

« »



## Консультациялық пункті ұйымдастыру туралы ереже

### КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

#### 1. Жалпы ереже

- 1.1. Үйде тәрбиеленетін мектепке дейінгі жастағы балалардың ата - аналарына арналған консультациялық пункт «Заңды өкілдерге» мектепке дейінгі мен тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдар базасында ұйымдастырылады.
- 1.2. Консультациялық пункт мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдардың құрылымды бөлімшесі болып табылады.
- 1.3. Консультациялық пункт мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын 6-7 дейінгі балалардың ата-аналарына арналып құрылады.
- 1.4. Осы ереже ұйымдар базасында іске қосылған консультациялық пунктің қызметін реттейді.
- 1.5. Консультациялық пунктер мен мектепке дейінгі жастағы баланың дамуы мен тәрбиесінде ата-аналарға көмек көрсету формаларының бірі болып табылады.
- 1.6. Үйде тәрбиеленетін мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункт қызметі өтеусіз негізде жүзеге асырылады.



## 2. Консультациялық пункт мақсаттары мен міндеттері

2.1. Отбасылық және қоғамдық тәрбиенің сабақтастығы мен бірлігін қамтамасыз ету, ата-аналарға балалармен өзара психологиялық-педагогикалық қарым-қатынастың түрлері мен әдістерін мазмұнын таңдау тиімділігін қамтамасыз етуде психологиялық-педагогикалық көмек көрсету мектепке дейінгі мекемелерге бармайтын балалардың тұлғалық жан-жақты дамуын қолдау.

2.2. Консультациялық пункттің басты міндеттері:

- мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғалық жан жақты дамуы бойынша ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету, мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету;
- ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын 6-7 дейінгі балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету;
- мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуында кездесетін әртүрлі ауытқулардың алдын алу, жұмысын жүргізу.
- мектепке дейінгі жастағы балаларын үйде тәрбиелейтін ата-аналарға ақпараттық қолдау көрсету

## 3. Консультациялық пункт қызметін ұйымдастыру

3.1 Консультациялық пункт аясында жүзеге асырылады:

- диагностикалық көмек-баланы психологиялық-педагогикалық зерттеу, баланың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін, потенциалық мүмкіндіктерін, сондай-ақ әлеуметтік бейімделу дамудағы бұзылу механизмдерін және септігін анықтау, баланың келешек дауы мен тәрбиесіне ұсыныстар жасақтау.
- Консультациялық көмек психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық, консультациялау, ата-аналарды бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиелік іс-әрекеттің басты бағыттары, кризисті жағдайларын шығу туралы хабардар ету
- әдістемелік көмек- ата -аналарды ағарту, оларды педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы ақпараттандыру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, жанұядағы жағымды қарым-қатынастарды формалар; бала дамуына жеке ерекшеліктеріне негізделген корекциялық және дамыту технологиялармен таныстыру.

3.2 Консультациялық пункт ата-аналарға төмендегі сұрақтар бойынша консультациялық және әдістемелік көмек көрсетеді:

- мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтік көмек көрсетеді;
- балалардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктері;
- ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті;
- бала тамақтануын ұйымдастыру;
- балаларды сауықтыру және шынықтыру үшін жағдайлар жасау
- білім беру бағдарламаларын таңдау

3.3. Әдістемелік, диагностикалық және консультациялық көмек көрсету мамандар қызметін интеграциялау негізінде құрылады: тәрбиешілер, меңгеруші, медициналық қызметкерлер, психолог және басқа мамандар.

3.4 Консультациялық пункт қызметін жүргізу үшін келесі құжаттар қажет:

- ата-аналардың алдын-ала тіркелу журналы
- өткізілген іс-шаралар кестесі және сабаққа қатыс журналы
- консультациялық пункттің жұмыс жоспары
- консультациялық пункт жұмысының кестесі
- бір жылғы жұмыс сараптамасы

3.5 Консультациялық пунктті тікелей басқару мектепке дейінгі ұйым меңгерушісімен бекітіледі.

#### **4. Консультациялық пунктті басқару және жетекшілік ету**

4.1. Консультациялық пунктті тікелей басқару мектепке дейінгі ұйым меңгерушісімен жүзеге асырылады.

4.2. Мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі консультациялық пункттің әрбір қызметкерлерінің лауазымдық жауапкершіліктерін анықтайды.

## 5. Консультациялық пункте білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен жауапкершіліктері

- 5.1. Консультациялық пункте білім беру процесіне қатысушылар-балалар, ата-аналар және мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлері болып табылады.
- 5.2. Консультациялық пункте қатысушы әрбір баланың құқығы, әлеуметтік кепілдіктері бала құқығы туралы ООН Конвенциялық сәйкес, ата-ана мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы келісім шарт арқылы анықталады.
- 5.3. Конституциялық пункте жұмыс жасайтын әрбір баланың құқығы, әлеуметтік кепілдіктері Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, консультациялық пункт ашылған мектепке дейінгі ұйым жарлығымен, жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы еңбек шартымен, лауазымдық нұсқаулықпен анықталады.



Бекітемін

Мектеп директоры

Тельгузинова Н.К.



Іс-шаралар тақырыптары	Айлар	Жұмыс түрі	Жауапты
Мектепке дейінгі жастағы балаларын үйде тәрбиелейтін отбасыларды анықтау, тізімдерін алу, консультативтік пунктке шақыру	Қыркүйек	Ауылдың ішін аралап, балалардың үйлеріне бару	Басшы, тәрбиеші, медбике
«Баланы шағын-орталыққа қалай дайындау керек?»	Қазан	Жеке кеңес	Психолог
"Тамақтану-салауатты өмір салтының кепілі"	Қараша	Кеңес	Медбике
"Саусақ ұшындағы ақыл". Ұсақ моторикасын дамыту	Желтоқсан	Терапия	Тәрбиеші
Ата – аналар үшін баланың шағын-орталыққа бейімделу туралы кеңес.	Қаңтар	Психологиялық жаттығу	Психолог
"Мектепке дейінгі балалардың өміріндегі ертегілердің рөлі".	Ақпан	Семинар-практикум	Тәрбиеші
Отбасында ерекше білімді қажет ететін балалармен жүргізілетін жұмыс түрлері.	Наурыз	Дөңгелек үстел	Тәрбиеші
"Фонематикалық есту қабілетін дамуға арналған ойын"	Сәуір	Ойын-жаттығу	Тәрбиеші
"Үй жағдайында қозғалыс режимін ұйымдастыру"	Мамыр	Кеңес	Тәрбиеші
Жыл бойы атқарылған жұмыстар бойынша мамандардың есебі бойынша		Есеп	Тәрбиеші, мамандар



ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ  
БЕРУ БАСҚАРМАСЫ,  
ЕРТІС АУДАНЫ  
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ  
“ИСА БАЙЗАКОВ АТЫНДАҒЫ  
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ”  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
“СРЕДНЯЯ  
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА  
ИМЕНИ ИСЫ БАЙЗАКОВА”  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ  
ИРТЫШСКОГО РАЙОНА,  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

16.11.2023 жыл

№ 1-19-66/1

Үлгілі ауылы

село Ульгули

### Шағын орталықта консультативтік пункті ашу туралы

Мектепке дейінгі білім беру жүйесімен қамтылмаған бір жылдан жеті жасқа дейінгі балаларды кешенді дамыту, тәрбиелеу және тәрбиелеуді қамтамасыз ету, мектепте оқыған кезде бастапқы мүмкіндіктерін теңестіру және мектепке дейінгі білім беру мекемесіне кіру кезінде сәтті бейімделуді қамтамасыз ету, ата-аналарға (заңды өкілдерге) кәсіби көмек көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

- 2023 жылдың 16 қарашадан бастап, шағын орталықта ата-аналарға (заңды өкілдерге) Үлгілі ауылында тұратын балаларға арналған консультативтік пункт ашылсын.
- Мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылмаған балалардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету үшін педагогикалық құрамның келесі құрамы бекітілсін:  
Тельгузина Н.К. – мектеп директоры  
Нуркенова Ж.Р. – тәрбиеші  
Аралова Г.Б. – тәрбиеші  
Калелова А.Б. – психолог  
Нажикенова Г.З. – медбике
- Осы бұйрықтың орындалуын өзім қадағалаймын.

Мектеп директоры:  Н.К. Тельгузина



Таныстырылды: Нуркенова Ж.Р. Қалелова А.Б. Назжигитова Г.З.  
000066/1